

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 15/145 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда № 2347 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 27/285 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңына және «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия аудандық мәслихатының заңдылық, депутаттар өкілеттігі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Таджибаев).

3. «Қарақия аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі осы шешімнің Қарақия аудандық мәслихатының интернет - ресурсында жариялануын қ а м т а с ы з е т с і н .

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Дусупов

мәслихаттың хатшысы

А у д а н д ы қ

А. Мееров

« К Е Л І С І Л Д І »

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
Рысбаев Қайрат Ерсұлтанұлы
20 желтоқсан 2013 жыл

«Қарақия аудандық экономика және
қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Әбдіхалықова Әлия Жұмабайқызы

20 желтоқсан 2013 жыл

Қарақия	аудандық	мәслихатының
2013	жылғы	20 желтоқсандағы
№	15/145	шешімімен бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы қағида әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

3. Осы қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төменгі күнкөріс деңгейі – Маңғыстау облысының статистикалық органы есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е к ү н д е р і ;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – әлеуметтік көмек тағайындау және төлеуді жүзеге асыратын «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – «Зейнетақыны төлеу жөніндегі Мемлекеттік Орталық» (бұдан әрі - Орталық) Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Маңғыстау о б л ы с т ы қ ф и л и а л ы ;

9) әлеуметтік көмек екінші дәрежелі банктер немесе сәйкес келетін банктік операциялар жасауға лицензиясы бар ұйымдар арқылы ақшалай түрде алушылардың есепшоттарына аудару арқылы ұсынылады.

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Қарақия ауданы әкімінің шешімімен құрылатын к о м и с с и я ;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Осы қағидада қолданылатын басқа да ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мазмұнында қолданылады.

4. Осы қағида әкімшілік – аумақтық бірліктерге сәйкес Қарақия ауданында

тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санатындағы адамдарға қ о л д а н ы л а д ы .

5. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушыларға) өмірлік қиын жағдай туындағанда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда берілетін көмек түсініледі.

6. «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) к ө р с е т і л е д і .

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Маңғыстау облысы бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Учаскелік және арнайы комиссиялар туралы үлгілік ережелерді орталық атқарушы орган бекітеді.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу тәртібі.

9. Әлеуметтік көмек жылына бір рет атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай, келесі мөлшерде көрсетіледі:

1) 22 наурыз – Наурыз мерекесі: «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алған, сонымен қатар І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

2) 1986 жыл 26 сәуір – Чернобыльдағы АЭС апат күні:

Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушы мүгедектеріне – 60 000 (алпыс мың) теңге;

1986-1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға – 50 000 (елу мың) теңге;

1988-1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушыларға –

20 000 (жи ы р м а м ы ң) т е ң г е .
3) 9 м а м ы р – Ж е ң і с к ү н і :

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық
е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
теңестірілген адамдарға (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою
салдарынан мүгедек болған тұлғалардан басқа) - 60 (алпыс) айлық есептік
к ө р с е т к і ш ;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
теңестірілген адамдарға (1986-1987 жылдардағы Чернобыль атом электр
станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 50 (елу) айлық есептік
к ө р с е т к і ш ;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
теңестірілген адамдарға (1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр
станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) - 20 (жиырма) айлық
е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі
соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану,
контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің,
арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық)
а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет
атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы
мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін
атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына
– 40 (қ ы р ы қ) а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе
әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен
авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына – 40 (
қырық) а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған
мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы
апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да
радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне
белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (
қырық) а й л ы қ е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген
мүгедектердің әйеліне (еріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа
қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, «

Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына» белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйеліне (еріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік іс-қимылдарына қатысушыларына - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендер қатарына жататын азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге.

4) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

Асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға (балаларға) – 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған, «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын санатындағы тұлғаларға – 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш.

Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

5) 6 қазан – Қазақстан Республикасындағы мүгедектер күні:

Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.;

6) 1 қазан – Халықаралық қарттар күні:

Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 (жетпіс) жастан жоғары зейнеткерлерге – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.

7) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі:

Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек

балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

8) 1 маусым – Балаларды қорғау күні:

он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

9) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар және он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 10.06.2014 № 19/204(жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 9-тармақтың 3), 8) тармақшалары жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 25/260(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Он сегіз жасқа дейінгі үйде оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек табысы есепке алмай ай сайын – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11. Әлеуметтік көмек: онкологиялық ауруымен ауыратын және иммун тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай жылына бір рет 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш және мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымынан шыққандарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай тоқсан сайын 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 25/260(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян келтірілген тұлғаларға табысы есепке алмай әлеуметтік көмек, өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей жылына бір рет – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

13-тармақ алынып тасталды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 10.06.2014 № 19/204(жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге, дәрі – дәрмек алуға, отбасының бір мүшесі қайтыс

болуына байланысты әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Шекті шама 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен а с п а у ы к е р е к .

15. Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек жергілікті бюджет қаражаты есебінен ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жылына бір рет, білім беру ұйымдарына оқуды төлеуге арналған нақты шығындар бойынша және ай сайын бөліп төлеу арқылы жабатын тамақтану мен тұру шығындарына 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және өтініш жасалған айдың алдындағы соңғы 12 айда жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 (бір жарым) еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасыларына, келесі с а н а т т а ғ ы т ұ л ғ а л а р ғ а :

бала кезінен мүгедектер;
мүгедек студенттер;
тұлдыр жетім;
балалар үйінің және балалар ауылының тәрбиеленушілері;
ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болуы;
жасы бойынша ата-анасының екеуі де зейнеткер болуы;
ата-анасының біреуі қайтыс болуы;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейінгі балалар (бірақ, әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға д е й і н) .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 10.06.2014 № 19/204(жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

17. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей Орталықтың немесе өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Қарақия ауданы әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

Айтулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек алуға құқығы барларға, алайда Орталық тізімінің электрондық нұскасына қандай да бір себеппен енгізілмей қалғандарға Қарақия ауданы әкімдігі ұсынған құжаттар негізінде қосымша тізім бекітеді.

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса келесі құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы қағидаға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты;
- 6) әлеуметтік көмек төлейтін уәкілетті ұйымдағы банк шоты нөмірін растайтын құжат;
- 7) туу туралы куәлік (жоғары оқу орнындағы студенттерге);
- 8) білім беру қызметінің келісім шарты (жоғары оқу орнындағы студенттерге);

Өмірлік қиын жағдайдағы адамның (отбасының) мүддесіне байланысты адамның (отбасының) өздігінен хабарласа алмауының себебін көрсетіп, әлеуметтік көмек көрсетуге хабарласа алады:

- 1) отбасының ересек мүшесі;
- 2) қамқоршы (қорғаншы);
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларына сәйкес сенім жүктелген тұлға.

19. Құжаттар салыстырылып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылды.

20. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

21. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша, осы Қағиданың 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының

) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттарымен уәкілетті органға жібереді.

22. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

23. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

25. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшері көрсетіледі.

26. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 22 және 23 тармақтарында көрсетілген жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылдаған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

28. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

29. Отбасының жиынтық табысы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237 бұйрығына сәйкес есептеледі.

30. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру «Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасы бойынша, ағымдағы қаржылық жылда Қарақия ауданының бюджетімен қарастырылған құралдар шегінде жүзеге асады.

Әлеуметтік көмекті төлеуді әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті беретін уәкілетті ұйым арқылы жүзеге асырады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

32. Әлеуметтік көмек мына жағдайларда тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

33. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

34. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Қарақия аудандық мәслихатының
2013 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 15 / 145 шешіміне
№ 1 қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекен-жайы, телефон)

№ р/с/	Отбасы мүшелерінің Т. А. Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді куәландыруға уәкілетті
органның лауазымды
адамның Т. А. Ә. _____
(қолы)

Қарақия аудандық мәслихатының
2013 жылғы 20 желтоқсандағы

№

1 5 / 1 4 5

ш е ш і м і н е

№

2

қ о с ы м ш а

Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20 ____ ж. « ____ » _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекен-жайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған болған өмірлік қиын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә.	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы) туралы мәліметтер

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны _____ жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт

адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше - к ө р с е т у к е р е к) :

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

Р/с№	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосал ауладағы учас саяжай және ж туралы мәліме
			тоқсанға	орта есеппен айына	

6 . М ы н а л а р д ы ң :

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

— — — —

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектепке керек-жарақпен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары)

(Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

(өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

Тексеру жүргізілуден бас тартамын

өтініш

берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің)Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Қарақия аудандық мәслихатының
2013 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 15 / 145 шешіміне
№ 3 қосымша
Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

20 __ жыл « ____ » _____

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің
н е г і з і н д е

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары)

(Т.А.Ә.)

Қ о р ы т ы н д ы :

қоса берілген құжаттармен _____ данада

20 __ жыл « ____ » _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы: _____

Қарақия

аудандық

мәслихатының

2013

жылғы

20

желтоқсандағы

№

15 / 145

шешіміне

№ 4 қосымша

А Р Н А Й Ы

Ш А Р Т

Қарақия ауданы

«___» _____ 201__ жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесі басшының атынан _____

_____, әрі қарай – Орындаушы деп аталатын, (басшының Т.А.Ә.) және _____

(студенттің, ата-анасының біреуінің немесе заңды өкілдің Т.А.Ә.) білім беру қызметін төлеу үшін әлеуметтік көмек алушыларға, Қазақстан Республикасының оқу орындарында академиялық бакалавр деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттерге (студентке, ата-анасына немесе заңды өкіліне) (әрі қарай - әлеуметтік көмек), әрі қарай – Студент деп аталатын, «Қарақия ауданында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау Қағидасының» _____ тармағы _____ тармақшасына сәйкес келесілер туралы осы арнайы Шартты жасасты.

1 .

Ш а р т т ы ң

м ә н і

1. Орындаушы оқу орнымен берілетін бакалавриатта оқудың күндізгі бөлімі бойынша білім беру қызметін көрсету шартының, оған қосымша келісімшарт немесе ағымдағы жылға білім беру грант бағасының негізінде оқуға төлеу мөлшері туралы анықтаманың негізінде білім беру қызметінің бағасын төлейді;

2. Орындаушы ең төменгі бес айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде тамақтану мен күн көріс шығындарын ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік көмек _____ көрсетеді .

3. Төлеу «Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы» бюджеттік бағдарламаның 007 коды, «Жеке тұлғаларға трансферттер» 322 ерекшелігі бойынша _____ жүргізілетін _____ болады .

4. Студент мемлекеттік жалпылай білім беру стандартының толық көлемді біліміне _____ ие .

5. Студент алынған төлемді тағайындау бойынша қолданады.

2.

Жақтардың

міндеттері

6. Студент міндетті:

- 1) 10 жұмыс күннің ішінде әлеуметтік көмек алған күннен бастап оқуға төлеу туралы түбіртекті Уәкілетті органға ұсыну;
- 2) 10 жұмыс күннің ішінде төленетін әлеуметтік көмектің өзгерістеріне қатысты барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ тұрғылықты орны өзгергені туралы, соның қатарында Қазақстан Республикасынан тыс кету, анкеталық мәліметтер, банк деректемелері туралы хабарлау;
- 3) ерікті тәртіпте артық төленген соманы қайтару.

7. Орындаушы міндетті:

- 1) белгіленген мерзімде Студентке әлеуметтік көмек төлеу;
- 2) белгіленген мерзімде Студенттің тұруына, тамақтануына ең төменгі 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тамақтану мен күн көріс шығындарын ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік төлемдер төлеу.

4.

Жақтардың

құқықтары

8. Студент құқылы:

- 1) Орындаушының іс-әрекетіне шағым беруге.

9. Орындаушы құқылы:

- 1) Студенттен келісімнің шарттарын уақытылы орындауын талап етуге;
- 2) Студентке келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға;

5.

Арнайы

шарттың

тоқтатылуы

10. Әлеуметтік көмектің тоқтатылуы келесі жағдайда:

- 1) Алушының қайтыс болуы;
- 2) Алушының әкімшілік - территориялық бірлігіне сәйкес тұрақты тұрғылықты орнынан шегінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы шекарасынан шығуы;
- 3) Өтініш берушінің дерексіз ақпарат ұсынғаны туралы анықталуы;
- 4) Оқуының тоқтатылуы. Әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген жайттардың басталу айынан тоқтатылады.

11. Артық төленген сома өз еркімен немесе Қазақстан Республикасының заңнама тәртібімен қайтарылуы тиіс.

Осы шарт заңдық күші бар, мемлекеттік тілде екі данадан әзірленген.

6. Шарт мерзімі

12. Осы Шарт екі жақтың қол қою күнінен бастап заңды күшіне енеді және _____ 201__ жылдан бастап _____ 201__ жылға дейін қолданыста.

13. Келісімнің мерзімінен бұрын бұзылуы тек іс-әрекеттегі заңнамада қарастырылған негіз бойынша жүргізіледі.

14. Жақтас - бастамашы шарты мерзімінен бұрын бұзуы туралы шарттың шамамен бұзылуы күніне дейін он жұмыс күннен кешіктірмей, келесі жаққа жазбаша түрде хабарлауы керек.

7. Тараптардың заңды мекен-жайы және деректемелері

Орындаушы

Студент

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» Т.А.Ә. _____
(студенттің А.Т.Ә, ата - анасының

мемлекеттік мекемесі

130300, Маңғыстау облысы

Қарақия ауданы

Құрық селосы «Досан батыр»

көшесі № 4

ЖСН: 430300000418

ЖСК: KZ32070103KSN4303000

«ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық

комитеті» мемлекеттік мекемесі

ККМФКЗ2А

Телефон _____ Телефон 2-14-94

Басшы _____

(қолы)

(қолы)

Т.А.Ә _____

Т.А.Ә _____